

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартымен "Байқоңыр" кешенінің персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің тәртібі туралы келісім жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1339 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 1237 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы N 1237 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартымен "Байқоңыр" кешенінің персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Келісімнің жобасына қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасында Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартымен "Байқоңыр" кешенінің персоналына Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға
алу шартымен "Байқоңыр" кешенінің персоналына,
Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына
медициналық қызмет**

көрсетудің тәртібі туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімді, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалдау шартын және 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі, оның атқарушылық билік ету органдарын қалыптастыру тәртібі мен мәртебесі, туралы келісімді негізге ала отырып,

тиімді медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамыту мен жетілдіру мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде мынадай негізгі терминдер пайдаланылады:
"жедел және шүғыл көмек" - азаматтардың денсаулығына қауіп төндіретін жағдайда көрсетілетін медициналық қызметтер кешені;

"амбулаториялық-емханалық медициналық көмек" - емханада болсын, үйде болсын алдын-алу (диспансерлік бақылау, оған дені сау балаларды да қоса), диагностикалау, консультация беру және ауруларды емдеу іс-шараларды жүргізу енетін медициналық қызметтер кешені;

"тұрақты медициналық көмек" - азаматтарға шүғыл және жоспарлы тәртіппен стационарлық медициналық мекемелер (ұйымдар) ұсынатын медициналық қызмет көрсетулер кешені;

"санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын-алу) шаралары" - адамдардың өмір сүру ортасындағы кері әсер етуді жою немесе азайтуға бағытталған, жүқпалы, паразитарлық аурулар мен жаппай жүқпалы емес аурулардың (улану) алдын алу мен пайда болуын, таралуын және оларды жоюға бағытталған ұйымдастыру, әкімшілік, инженерлік-техникалық, медико-санитарлық және өзге де шаралар.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында:
Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігі уәкілетті органдары болып табылады.

3-бап

Ведомствосына байланысты Байқоңыр қаласының денсаулық сақтау мекемелерін қаржыландыруды Ресей Федерациясының тиісті органдары, ал Төретам және Ақай кенттерінің денсаулық сақтау мекемелерін қаржыландыруды Қазақстан Республикасының тиісті органдары іске асырады.

4-бап

"Байқоңыр" ғарыш айлағының қызметкерлері мен Байқоңыр қаласының тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді және санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын-алу) шараларды Ресей Федерациясының заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес Федералдық медико-биологиялық агенттігінің, Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің, Байқоңыр қаласы денсаулық сақтау басқармасының денсаулық сақтау мекемелері жүзеге асырады.

Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді және санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын-алу) іс-шараларды Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Келісімге сәйкес Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұйымдары жүзеге асырады.

5-бап

1. "Байқоңыр" ғарыш айлағының персоналына, ғарыш айлағы персоналдарының отбасы мүшелеріне, Байқоңыр қаласының тұрғындарына, сондай-ақ ресейлік мекемелерде, ұйымдарда және Байқоңыр кешені қасіпорындары мен Байқоңыр айлағында жұмыс істейтін Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына, олардың азаматтығына қарамай Ресей Федерациясы бюджетінің есебінен Байқоңыр қаласының медицина мекемелері медициналық көмек (амбулаториялық-емханалық, стационарлық) көрсетеді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының мекемелерінде жұмыс істейтін Байқоңыр қаласы тұрғындары және жұмысқа қабілетті жаста бірақ жұмыс істемейтін, медициналық көмекті (амбулаториялық-емханалық, стационарлық) Байқоңыр қаласының медицина мекемелері көрсетеді. Медициналық қызмет көрсетуге ақы төлеу тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде Қазақстан Республикасы бюджетінің есебінен жүргізіледі.

3. Байқоңыр қаласының аумағында орналасқан, бірақ Байқоңыр қаласының

тұрғаны болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық көмекті (амбулаториялық-емханалық, стационарлық) Байқоңыр қаласының медицина мекемелері көрсетеді. Медициналық қызмет көрсетуге ақы төлеу тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде Қазақстан Республикасы бюджетінің есебінен жүргізіледі.

4. Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық көмек осы елді мекеннің медициналық мекемелері көмек көрсете алмаған жағдайда, кент тұрғындарына медициналық көмекті (амбулаториялық-емханалық, стационарлық) Төретам және Ақай кенттерінің медициналық мекемелері және жедел медициналық жәрдем жолдамасы бойынша Байқоңыр қаласының медициналық мекемелері көрсетеді. Медициналық қызмет көрсетуге ақы төлеу тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде Қазақстан Республикасы бюджетінің есебінен жүргізіледі.

5. Мамандандырылған туберкулезге қарсы, психиатриялық, тері-венерологиялық, наркологиялық, онкологиялық медициналық көмектер көрсету әкімшілік-аумақтық қағидат бойынша жүзеге асырылады.

6. Байқоңыр қаласының тұрғындарына жедел және шұғыл медициналық көмек Байқоңыр қаласының бюджеті қаражаты есебінен кедергісіз және толық көлемде көрсетіледі.

6-бап

Тараптардың уәкілетті органдары Байқоңыр қаласын, Төретам және Ақай кенттерін халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі өздерінің өнірлік бағдарламаларына енгізеді.

7-бап

Тараптардың уәкілетті органдары "Байқоңыр" ғарыш айлағы, Байқоңыр қаласы, Төретам және Ақай кенттері аумағында халықтың денсаулығын сақтау мен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында өзара бірлесіп іс-қимыл жасау, ақпарат және статистикалық есеп алмасуды іске асырады.

8-бап

Тараптардың уәкілетті органдары бір-бірін "Байқоңыр" кешені мен оған іргелес аумақтардағы төтенше жағдайлар туралы ақпараттандырады және қажетті медициналық көмек көрсету кезінде өзара бірлесіп іс-қимыл жасауды қамтамасыз етеді.

9-бап

Тараптардың уәкілетті органдары медицина мекемелерін (ұжымдарын) кадрлармен қамтамасыз етуге ықпал етеді, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының дәрігерлердің білімін жетілдіру институттарында медицина кадрларының біліктілігін көтеруде тиісті көмек көрсетеді.

10-бап

Уәкілетті органдар Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде жаңадан ашылған және қазіргі қолда бар медициналық мекемелердің (ұжымдардың) таратылғаны туралы бірін-бірі хабардар етеді.

11-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімдейтін, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді орындауға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың уәкілетті органдарының келіссөз жүргізуі жолымен шешіледі.

12-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындау туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

13-бап

Осы Келісімнің Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға алу шартының (бұдан әрі - Жалға алу шарты) кезеңінде күші болады және бір Тараптың осы Келісімнің қолданыс күшін тоқтату туралы екінші Тарапты жазбаша құлағдар етуін алған күнінен бастап өз қолданысын алты ай өткеннен кейін немесе осы оқиғаның бірі ерте іске кірісуіне қарамастан жалға алу Шарты қолданыс күшін тоқтатады.

14-бап

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау және медицина өнеркәсібі министрлігі,

Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі (Әскери- ғарыш күштері), Ресей Ғарыш агенттігі, Ленинск қаласының әкімшілігі арасындағы 1995 жылғы 3 наурыздағы "Ресей Федерациясының жалдау жағдайларында "Байқоңыр" кешені қызметкерлері мен Ленинск қаласының басқа да тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы" келісім осы Келісім күшіне енгізілген күнінен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.

2004 жылғы "—" әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалған, бұл ретте екі мәтіннің де бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК